

12005  
4836к



Президент  
Сыйлығының  
лауреаттары



Кали  
СӘРСЕНБАЙ

Әндер-  
Әмір




**Президент  
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ  
лауреаттары**



Президент  
СЫЙЛЫГЫНЫҢ  
лауреаттары

Қали  
**СӘРСЕНБАЙ**

**Өнер-**  
**өмір**



**ББК 84 Қаз 7-44**  
**C 28**

**Жобаның Бас демеуші —  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы  
жабық акционерлік қоғамы**

**Сәрсенбай К.**

**C 28      Өнер-өмір. Әр жылдардағы жазбалар. — Алматы:  
«Қазығұрт», — 2004. — 496 бет.  
ISBN 9965-22-058-1**

КР Мәдениет қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбайдың бұл кітабында ұлттымыздың ұлы құндылықтары, руханияты төңірегіндегі ойлары, көзкарастары, тұлғалар туралы терен толғаныстары, сұхбаттар, портреттер, жолсапарлар, қызық та киын тағдырлар туралы әр жылдары жазылған публицистикалық енбектері топтастырылған. Жинактағы бірсыныра дүниелерде кезеңнің кескін-келбеті сол қалпында беделенгенін ескерген жөн.

Қыскасы, бұл жинак ұлт руханиятының соңғы ширек ғасыр ішіндегі көркем шежіресі іспетті.

**ББК 84 Қаз 7-44**

**C 4702250204  
482(05)-04**



**ISBN 9965-22-058-1**

**© Сәрсенбай К., 2004  
© «Қазығұрт» баспасы, 2004**

## **КӨРКЕМӨНЕРДІ КӨРКЕМ ЖІГІТТЕР ЖАСАЙДЫ**

**Мен қазіргі қазақ журналистикасында жүрген жігіттерге қайран қаламын. Бұл ойымның бірнеше себебі бар.**

Кешегі күні көп журналистиң бірі ретінде жүре беруге болған шыгар, ал, қазір олай емес. Газет оқылуы керек. Оқылмайтын ғазетте алдымен оқырман болмайды, сонан соң бедел болмайды. Ал, бедел кеткен соң оны қайтарып алу үшін қанша уақыт күресетінің бір Құдайга гана мәлім. Демек, ойы озық, алғыр, батыл, ұстаган жерінен жібермейтін журналист болмасаң, ол басылымга сенің қажетің де шамалы.

Қысқасы, қазіргі журналистика бұрынғы жаймашуақ журналистика емес. Оның бүрқасыны, бораны көп, түйіп айтқанда, мінезді. Бұл сала өкілдерінің сөзі де салмақтанып, қогамдық пікірге де иғі әсер етіп қоймай, жүртшылық ұлт мұддесі жолындағы дауысы асқақ естіліп жүрген журналистің қайраткерлігіне де сүйсініс білдіре бастады.

Өзім көптен бері қадағалап жүретін сондай азаматтың бірі — Қали Сәрсенбай. Осы жігітке Президент сыйлығы берілгенде өз басым кәдімгідей қуанып қалдым. Себебі, дұрыс аңгарған, дұрыс бағалаған.

Қали не нәрсені жазса да, біліп жазу үшін алдымен Құдай беретін жазғыштық қасиетті айтпағанда, білімпаздық, ізденімпаздық және керек. Бұл критерийлер болмаса, әлгі қасиетті ұстап тұру бекершілік. Осы орайда мен Қалидың эстеттік әлеміне баса назар аударған болар едім. Қунделікті шығып жатқан ғазетте ағымдық мәселелерге ілесіп отыруы, ой ұшқырлығын танытуы өз алдына, оның терең толғаныстарға құрылған дуниелері маган әлдеқайда қымбат көрінеді.

«Шәмши-шындық», «Ұлтты өліп-өшіп сую», «Адасқақ рух», «Тазалық пен тартымдылық тәңкіриясы», «Қазақтың Паганини», «Толғанай», «Қолды болған үш туынды», «Қасиетті қара шал», «Алаштың Асанәлісі», «Ұлы саяныши», «Шыңғыс пен Илия», «Ақиқаттың қозі алтын», «Жұмақтың сегізінші есігі», «Ата жүртты іздеу», «Атажүртшыл абориген», «Ағаны аңсау»... Атының өзі айтып түргандай көркемдік критерийлерді сақтай отырып, жылы ағыспен жазылған осы секілді дуниелер Қалида көп. Көп болатын себебі, көп көруге, көп оқуга, көп ойлауға талпынады. Сол дуниелерді оқыған сайын оның қазіргі журналистикаға тән жедірме сездердің арасында жүріп, мынадай дуниелер жазып, қоңыр әуен, қоңыр саздың құшагында отыргандай әсерлендіретіні, өз болмысын сақтай білуі қуантады. Бұл ойымды қадап айтып отырган себебім, журналистикада жүріп өзін жогалтып алған жігіттер дейсек емес.

Кали ойды дамытуға, толғанысқа, сол ой-толғанысты оймақтай етіп қорытуға шебер. Мұны кәсібіліктің де жемісі деу керек болар. Кезінде «Егемен Қазақстанда», «Жас Алашта», «Парасатта» жарияланып, көпшіліктің қызу пікірін тұғызыған «Абайға тыныштық беріңіздерші, отінеміз», «Күләшті кім өлтірді?», «Президентті пайдалану», «Баймағамбет баскесер ме?», «Шерхандарсыз шеріміз тарқамайды», «Қазақ Лувры», «Мәмбетовке «Халық қарнманы» атагы не үшін берілді?», «Экелерімізден әулиеміз бе?», «Сіз қандай ұрысыз?» іспетті қогамдық сананы түртіп оятаған журналистік жұмыстары жадымда қалып қойытты.

Калидың журналистикадагы осы іңкәр ізденістері жазушылығымен де сәтті сабактасып жатыр. Әрине, оның жазушылығында көсемсөздің сарыны байқалуы да заныштық. Бірақ, бұл дәгдышдан арылудың да жолын тауып кетіп отырады.

Осылан екі жыл шамасы бұрын «Казығұт» баспасынан «Сендерді сағынанда» атты кітабы жарық көрді. Элгіндегі ойынды ұштай түссем, ол журналистиканы жазушылыққа

барар жолдагы жаттыгу аланына әдемі айналдырган. Осы кітапта «Сеньор Саттаров» деген хикаят бар. Мен осы хикаятын кітап шықпастан бұрын арнайы сұрап алып оқып (өйткені, оның журналистік жұмыстарынан жазушылықтың табын сезетінмін) шықтым. Хикаят маган бірден ұнады. Содан бұл туындыны «Таңшолпан» журналына ұсындым, бір жағы ондагы азаматтарға ұнайтынына іштей сендім. Бұл бір таланттың талантты тануына арналған туынды еді. Талантты адамның өмірін пәлсалалық, психологиялық тұргыдан талдауы ұнады. Қысқасы, бұл шыгарманы біздің танымдық әдебиеттің (исповедальная проза) соңғы кездегі бір үздігі деп бағалаған болар едім. Осы хикаятқа жүрттың туындысына келгенде пікір айтуға сараңдау, бірақ жақсы дүние оқыса балаша қуанатын Әбекен — Ә. Нұрпейісовтің ерекше қуануы да тегін емес қой деймін.

Әдемі журу, әдемі сөйлеу әркімнің де қолынан келер, ал, бұның бәрінен де жогары тұратын ішкі тазалық пен тереңнен тамыр тартып жатқан тектілік Қалидың шыгармашылығы-ның шырайы екендігіне дау болмаса керек.

Әрине, ерінбеген етікші де болады. Мұны айтып отырған себебім, қазір біз еңбекторы деген сөзді көбірек пайдаланамыз. Адамның талантты екенін айтудың орнына ішкі бір есеппен осы ұғымга жығыла салғымыз келіп тұрады. Әйтеуір, талантты екенін жасырып қалу үшін, «еңбекторы», «қара нар» деген оймен гана шектеліп жатамыз. Еңбекқор мен талант екі басқа. Талантты бола тұрып, еңбектенбесе, ол енді — қасірет. Өзі үшін емес, алдымен ұлт үшін қасірет. Талантты адамның табан асты айтатын сөзін еңбекторы адам он жыл жүріп те, тіпті, өмірбақи жүріп те айта алмай кетуі мүмкін. Осы тұргыдан келгенде Қалиды еңбекқорлықтың қанжығасына байлан жіберуге қимайсың. Ол шын мәнінде талантты азамат.

Талант қаламгер ретінде емес, адам, азамат ретінде талантты болатынына да шубәм жоқ. Олай дейтінім, Қали қай басылымда қызмет істесе де, артына әдемі із қалдырып келеді. Ең алдымен, оның сол қызмет істейтін ұжымына,

басылымның беделіне нұқсан келмеуі үшін күн-түн шырылдан жүретініне тәннімін. Мысал келтірейін.

Мен «Жазмышты» жаздым, одан кейін «Іірімді» жаздым. Алғашында басқа басылымдарга беруге, әсіресе, бір журналга тұстай жариялай салуга да болар еді. Ондай ойым да болды. Мені тоқтатқан Қали. Өйткені, мені иландырды, сендірді. Ол маган: «Қадага, жақсы дүниенниң бәрі алдымен «Жас Алашқа» шыгуы керек қой. «Жас Алаш» осы барлығыңызга космодром болған жоқ па? Сіздің дүниенізді ең алдымен жастар оқуы керек. Ал жастар дегеніміз болашақ. Демек, сіздің дүниеніздің болашақтагы багы қандай болатынына кепіл, ол — «Жас Алаш», — деді.

Бұған не дейсіз?

Ол автормен жұмыс істеудің тәсілдерін шебер менгерген. Оның әр кездегі сәтіне қарай болатын осындаи тапқырлығына, айтқыштығына бұл жерде тоқталып жатпаймын. Ол енді бөлек әңгіме. Соңғы жылдары байқағаным — газет жұмысындағы жиган-терген тәжірибесі, ішкі мәдениеті, парасаттылығы арқылы зиялдылықтың нәзира улгісін игеруге үмтүлған Қалидай азаматтардың газет басшылығында жүргендері аз емес.

Газет — елдің күн сайын тұтынатын рухани қажеттілігі; ал ол қажеттілікті қанагаттандыру қай кезде дे онай болмаган. Журналистика да өнер. Өнерге қашанда өріс керек. Көркемөнерге көкжисегі кең көркем жігіттер керек. Қалилар керек.

Қадыр Мырза Әли,  
Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

# ОЙ ОТАУЫ



**М. Кенбаев. «Қашағанға құрық салу».  
(«Еркіндік»)**

## АҚИҚАТТЫҢ КӨЗІ АЛТЫН

*Талант — ұлт байлығы, мактандыны. Сондықтан да қалың елі, қара орманы оларды әрдайым көкке көтерген, шабысы мен табысына балаша қуанган, ұдайы соның тілеуін тілеп отырган. Әйткені, таланттарын тәніріндегі көріп, бағалай білген елдің ертеңі нүрлі. Бүгінгі тәуелсіздіктің іргетасын қалап, осы күнге бір табан жақындағы кеткен де сол жақсылар мен жайсандар. Олар елімен еңсегі еді, елі солармен биік еді. «Бізде осындағы таланттар бар, болған» деп кеуде согып мактандамыз. Ал қогам дамуының әр кезеңінде сол талантты адамдар қалай бағаланды!*

*Талант және кезең. Талант және мемлекет... Алдымызға осындағы мүйізі қарагайдай сауал қойып, үнсіз қалдық. Аталмыш социологиялық талдау мен ой-толғаныста осы секілді мәселелерге жауап іздеуге талпыныс жасалады.*

Алуан анықтамалықтар мен түрлі түсіндірме сөздіктердегі талант сөзінің мағынасын былайғы жұрт жалпылама біледі. Қазіргі иманымыз калыпқа келе бастаған кезеңнің тілімен Алланы ауызға алып сөйлесек, бұл бір адамның басына құдай тағаланың үйіп-төгіп бере салған алабөтен сыйы. Басынан небір қыын кезеңдерді өткеріп, заманаудар запыранын қанша жұтса да, ұлы Тұранның орнында қалған аз жұрттың ішінен өсіп-өніп көшелі халыққа айналып, ұлт болып жаратылғалы бері қазақ талантқа, дарынға кенде болмаған. Тайпалық, хандық кезеңдердің қиямет күндерін ат үстінде қасқайып қарсы алып, ұлы империялардың темір ноктасы мен киіз ноктасын да бүйім көрмей, бас имей, бескзаттық болмысын жоғалтпаған, елінің тәуелсіздігі үшін толарсактан саз кешіп, ер-тоқымын жастанып, қылышын белінен тастамаған Тұранның тұлпар текті талантты тұлғалары мен жолбарыс жүректі жауынгерлері

ата-баба арманына 300 жылдан соң жетеміз деп ойлап па? Дүниені тітіренткен небір ұлы империялардың табанында тапталмай, рухы жеңілмей, туы жығылмай келген елдің өжет үрпағы жетпіс жыл ұстемдік құрған кенес империясының «айтқанына көніп, айдауына жүрді».

Баяны жок, бақсыз-талайсыз дүние-ай...

Әріге бармай-ак беріден қайтсак, соңғы жүз жыл бедерінде сырт дүниенің ықпалымен де бірін-бірі көзге тұртіп те орасан зор қырылған ел түркілер екен. Эрине, оның ішінде бас көтерерлерін, сүт бетіндегі қаймақтарын орайын тауып жұлып кетіп отырған. Бұл әрекетке сол халықтың өзінің де, өзгенің де ықпалы мол болған. Өзге дегеніміз кім? Ол сол кезең мен оның билік тұтқасын ұстағандар. Олар тағдыры, тұп тегі бір халықтардың ой-санасын жаулап алуудың, бас көтертпеудің неше түрлі тәсілін ойлап тапты. Аз халықтардың ең нәзік тұстарын, осал жерін тамыршыдай тап басып тануда патша самодержавиесі де, кеңестік отаршылдық жүйе де «кателеспеді».

Ғасырдың басындағы Қазақстан мен Орта Азияға көз салынышты. Осы өнірлерде туған қайраткерлердің саны әр елге бір-бірден келеді де, Қазақстаннан үркердей топ шығады. Соның бәрі елі мен жерінің болашағы үшін шыбын жаны шырылдалп атқа мінген, заманынан озық туған шын мәніндегі асыл бекзадалар еді.

М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, С. Сәдуакасов, Ә. Бекейханов, Т. Рысқұлов, С. Қожановтар бастаған аса зиялы кемел де көркем көштің ғұмыры неге қыска болды? Әйткені, олар сол коғам үшін де, билік басындағылар үшін де аса қауіпті адамдар еді. Міне, осы процесс бүгінгі тәуелсіздік таны атқанға дейін әртүрлі астыртын жолмен жалғасып, талантты адамдар коғамнан зорлық-зомбылықпен шеттетіліп отырды. Бұл бір өз тарихынан өзі сабак алмайтын ашкөз, тойымсыз кезең еді.

Бір соракысы, сыртқы күштердің тегеурінімен талантты тұлғалар да ішінара бірін-бірі қарап жатты. Мұндайда солардың әркайсыын бір-бір тау көретін халқының өмірінде қандай мән-мағына қалады. М. Әуезов халықты неге тобыр деп атады? Зиялы қауым — аса дарынды адамдар қашанда ұлт эталоны, бағдаршамы санаған. Ал енді артындағы қалың еліне жөн сілтейтін, бағыт беретін сол ойлы орта қателессе, өз ішінің ынтымағы болмаса, халық тобырға айналмағанда қайтеді? Зиялы қауым қателессе, халықтың санасын жаулап алу билік басындағыларға түк те емес.

Кенестік жүйенің зұлымдық саясаты өзге бауырларымызды да тығырыққа тіреді, ақылынан адастырды, кара бастың қамын ойлаған пендеге айналдырды. «Сүйікті коммунистік партия» алдады, арбады, содан соң пайдаланды. Құдайдан не әрі емес, не бері емес болған «құдіреті күшті қызыл империяның» ак дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған заманда «хан да, қара да кателеспеуге» амалы жоқ еді. Бірақ кешірімшіл кәрі тарих біртуар пендесінің шалыс басқан қадамын кешірді. Өйткені, ол алданған, арбалған, шайтанның шырмауына, торына түскен талант еді. Өкінішке орай, Ғамзатов Шемілдің аруағын қаралап жыр жазды. «Мұның бекер болды-ау, балам» деп, тау қыраны — әкесі тенселді. Зауал деген қын болады еken. Шеміл рухы қайта ояды... Шеміл секілді Салауат батырдың рухы да не көрмеді десенші. Жетпіс жылдан кейін кенес елдері ішінде тұңғыш екінші рет (1916 жылды да еске алыныз) 1986 жылы қайта бас көтерген қазақ халқы демократиялық жаңғырулардың бастаушысы болған жоқ па? Бұл көп жылдар бойы жаны мен тәні табанда тапталып, рухы өше бастаған халықтың отаршыл жүйеге карсылығы еді. Халық рухының оянуы еді. Таланттарын тығырыққа тіреп, қойша көгендей бастаған ел бұдан әріге шыдамады... Өйткені, ұлттық таным дүниесіне жасалған шабуыл шектен шығып кеткен еді.

50-60-70 жылдары таланттарды ашық қуғын-сүргінге салудан арылдық десек те, қоғамда тілін жүтқан сұмдық бір үнсіздік орнады. Домалак арыз деген бір дию пәле шықты. Талантты адамдардың көзін жойып жіберудің адам санасына симас түрлі жолы әріс ала бастады. Таланттарды кудалаудың мұлдем басқаша формасы дүниеге келіп, одан әрі жалғасты. Басқасын қайдам, бұл сөзімізге академик Сахаровтың өз кабинетінде радиациядан өлуі, әйгілі әнші Күләш Байсейітованың жуынатын бөлмедегі құпия қазасы дәлел болатын шығар.

Партия бір халықтың тарихын каралау үшін, болмаса сол халыққа өз сөзін, ойын өткізу үшін сол елдің талантты, аса беделді деген адамдарының, ұлттық элитасының тілін табудың жолдарын карастырған. Егер сол әрекеттері сәтсіздікке ұшырап жатса, бірін-біріне қағыстырып, арандатып, алакөз етіп қоюды ойластыратын. Осыдан соң барып ұлт болашағы үшін қымбат саналатын адамдардың арасы сүйп та жататын. Бұның бәрін біз, бүгінгі ұрпак тарихтан білеміз.

Партияның аса бір озбыр саясаты — коғамның әр саладағы талантты өкілдерінің ешқашан басын біріктірмеді. Өйткені, олардың ақыл-ойының, идеясының тоғысуынан қатты секемденді. Кешегі Алашорданы бір сәтке естерінен шығармады. Айтқанына көніп, айдауына жүріп отырған елдің қалыпты тәртібін бұзады, ел ішіне іріткі салады деп ойлады. Содан да олар жөнінде қаранды ел санаына бөгде пікір ұялатып жатты. Араларына сынақты, бірін-біріне айдап салды. Осылай пендешіліктің ығында кетіп, партияның «сайқал» саясатының тұтқынында қалғандардың ақыл-ойында да уакытша тоқырау басталды. Әдебиеттің, өнердің халықтығынан гөрі партиялығы басым сипат ала бастады. «Партиялық үйім және партиялық әдебиет» деген ой-өрісінді, көзқарасынды шектеуге негізделген енбекті әркім жастанып өкітын болды. «Өнер — халықтық!» деген әсем сөз мәдениет үйлерінің, театрлардың майдайшасында ғана өмір сүріп, шын мәнінде архаизмге айналып бара жатты.

\* \* \*

Бұл кезең ұзак жылдар бойы талантты адам мен енбеккор адамды қасақана шатастырып келді. Таланттың қор болуы, талкандалуы енбектің кадіріне жеткізбеуден, енбектенуіне ерік бермеуден, жағдай жасалмауынан еді. Осылан дейін дарынды адамдарды қамкорлықта алушан, бағалаудан, тәрбиелеуден гөрі табалаудың басым бол келгені рас. Көпе-көрнеу киянатқа, қорлыққа талантты адам ешқашан көнбейді. «Талант — әділетсіздікке қарсылық» деген сөзде өмірдің бар пәлсаласы жатыр. М. Монтеннің айтуынша, адамдардың жарты өмірі құр бос сөзben өтеді екен. Ал, талантты адамдардың жарты өмірі немесе бүкіл өмірі құреспен өтетінін дәлелдеп жатудың кажеті бар ма? Бұл жолда талант жалғыз, дәрменсіз, себебі, оның пікірі, көзқарастары керенау қоғамнан қолдау таптайды. Ф. Ницшенің «Талант үшін данғыл жол болмайды, оның өмірі кезендермен үдайы құресте, қайшылықта өтеді» деген сөзі осы ойдың өрісін кенейте түседі.

Белгілі ақын марқұм Ж. Жақыпбаевтың «...Ең алғаш өлең жазған күнімді өле-өлгенше жек көремін» деген мазмұндағы сөзі бар. Неге жек көреді? Өйткені, ол сол жазудың жемісін дүниеден көшкенше көре алмай кеткен адам. Ол мені маралтамады, наградтамады демейді. Мен де адаммын ғой, бір нәрсеге қабілетті етіп жаратқан соң соның нәтижесін көруім керек емес деп

іштей үнсіз өксіл өтті өмірден. Дүниедегі ең қауіпті нәрсе — үнсіздік. Әсіресе, ортаның, әріптерестерінің үнсіздігі. Жүргінің кан жылайтыны — Мұқағали, Шәмші, Жұмекен, Аскар секілді дарынды адамдардың дауысын таскерен қоғам мұлде естімеді. Осыдан барып талант жалғыздыққа ұрынды. Ал дүниедегі ең қорқынышты нәрсе — жалғыздық. Сөйтсе де қоғамнан кайыр күтпеген таланттар Горький тілімен айтканда, өздерін тек жалғыздықта бостан сезінді. Тәкен Әлімқұлов жасы жетпіске келгенде неге жалғыз қалды? Әйткеш Толғанбаев секілді фашизмнің тұтқыннанда, концлагерде болған ғажап музықант елге келген сон да өмірбаки КГБ-ның қуғыннанда болды. Оның өнеріне іштей тілеулестер болғанымен бәрібір ғұмыры жалғыздықта өтті. Жан дүниесі нәзік өнер үшін, халқының жүргін өсем сазбен тербетуге жаратылған Әйткеш тағдыры осылай болуға тиісті ме еді? Бүгінде ол өксікпен өткен сол елу жылды ойласа түн баласына көз ілмей, дөңбекшіп аласұрады. Осы күнге дейін өкшелеп қалмай келе жатқан үрей-елес қайсыбір күні келіп «Толғанбаев, жолға жинал» деп тұратындағы көрінеді.

Кешегі Жұмекен, Төлеген, Мұқағали, Аскар, Оспанхандар өмірінің соңғы күнінде «жалғыздықты» серік етті. Олардың талабымен, көзкарасымен таскерен заман санаспады. Жалғыздық — терең тұнғиық. Ол қайғы-қасіреттің бір бұтағы. Тәуекелшіл таланттар сол тұнғиыққа батып кетіп жатты.

Талантты бағалауда, атак беруде әлеуметтік әділетсіздіктер қай кезде де үстем болды. Кеңестік конституциямызда айтылып келгеніндей, адамдар ешқашан тен болған емес. Гельвеций деген кісі «Талантты наградтаумен бірге оның басқан ізін анду, ор казу да басталады» дейді. Әрине, осы бір сұнғыла сөзді әркімге телудің қажеті жоқ шығар. Бірак бұл сөзде сұмдық шындық бар.

Жоғары атак, лауазым алған адамға ендігі жерде «ресми адам», «мемлекет қамқорлығындағы адам» деген айдар тағылды, мәрте-бе берілді. Ол жиналыстар мен мәслихаттарда, сән-салтанаттарда төрден орын алды. Сөйтіп, ресми өмірі басталды. Оның сыртында той-думандар көбейді, соның біріне де қалмай шақырылды. Содан соң барып оның жұмыс тәртібі бұзылды. Сөйтіп біртін-біртінге жұмыс қабілетін жоғалтты. Пендеғой, өз атына айтылған мактау сөздерді де қабылдайды. Соның бәрін әр кездесу, жиын сайын ести берген соң біртіндең токмейілсіп, талант көзі

бітелді. Мактау таудан құлаған тасқын секілді, оған төтеп беру де онай емес.

Гельвецкий сөзіне осы жерде құлдық ұрасын, терең ұғынасын. Демек, социализмнің бір женісі — атақ беру арқылы адамдарды алалау болды. Әркениетті елдерде кеше де, бүгін де жаппай наградтау, атақ беру деген ешқашан болмаған. Оларда асадарынды адамдардың өз ісіне деген ынтасын арттыру үшін ірі көлемде акталай қаржыландырып отырған, бар жағдайды жасаған, «Американың халық артисі» «Француздың халық жазушысы» деген атакты өмірінде естідіңіз бе? Мықты болсаң дүние жүзіне ортақ Нобель сыйлығын ал дейді. Ал таланттарын ешкімге телміртпеген, тентіретпеген.

\* \* \*

Белгілі суретші Ерболат Төлепбаевтың «Әркім өз ісімен айналысса, біз әлдекашан алысқа кеткен болар едік» деген тамаша сөзі бар. Атактан бұрын, талантқа жағдай жасалса, әркім өзінің көнілі қалаған ісімен айналысса халыққа да, мемлекетке де қаншама пайда келтірген болар еді. Мәселен, атақсызды, жағдайсызды емес Ш.Мұртазаның жылдар бойы сессия мәжілісінде отырғанынан да халқына келер пайда аз емес, елі аман түрғанда сан мәрте ерлігін, қайраткерлігін айтар десек те, халыққа ол кісінің әкімдігінен гөрі, жазушылық талантының жақын екендігі аян. Демек, талантты өз саласында шындаған, пайдаланған абзал. Қолына қаламын ұстат та, ойына еркіндік бер.

Тоқтар Әубәкіров — қазақтың тұңғыш ғарышкері. Ал біз болсақ ол кісіні қолдан депутат жасадық, бастық қойдық, сөйтіп креслоға мықтап шегеледік. Құдайшылығын айтар болсақ, ол кісінің өз ісімен алансыз айналысуы үшін бар жағдай жасалуы керек еді. Біз соған мүмкіндік бермедік, дереу мақтанның астына алдық, колпаشتауға кірістік. Талантты адамдарды осындай әлеуметтік дерттен арашалап алмай қоғамның қай саласында да ілгерілеу болмайтыны, ой-санада тоқырау басталатыны түсінікті.

Қоғамды кемелдендіретін де, мемлекет мәртебесін көтеретін де — дарынды адамдар. Мемлекет сол адамдардың бар ақыл-ойын, қабілетін саналы түрде реттеп отыратын аппарат, мәшине. Мемлекет талантты пайдалануы керек. А.Сүлейменовтің бір кейіпкері «Мен әйелге емес, адамға зәрумін» дейді. Сол сиякты қоғам да, мемлекет те қаншама талантқа тәуелді, зәру. Ендеше, сол қоғам

соны біле тұра таланттың мандайынан сипай бермейтіні несі? Таланттың ойы, идеясы қоғамға, кезенге қызмет етпей, не одан колдау таппай, корғансыз қалған күнде, мемлекеттің ішкі құрылымында да іріп-шіру басталады. Ондай мысалдар көрі тарихта аз емес.

Әйгілі Рим империясының іргесі кезінде неге шайкалды? Қырық қисынның қорытындысы мынаған келіп тіреледі. Социологтардың, өнертанушы ғалымдардың айтуынша, талантты адамдарға, оның ішінде рухани дүниеге көзқарас төмендеген соң барып, мемлекет құлайтын дәрежеге жеткен. Содан Еуропаның кіндігінде тұрған Италияда кайта өрлеу (ренессанс) дәуірі басталып, бір елдің дүр сілкінгені төрткүл дүниеге аян. Соның нәтижесінде біздін Абай секілді көркем ойдын алыптары туды. Ал казір сол Италияға жыл сайын 80 миллион турист келеді. Нешін? Италияны көру үшін емес, Рафаэльдің, Микеланджелоның таланттына тағзым ету үшін, оның ғажайып өнерін, сәулеттің көру үшін келеді. Ал бұл кімнің ақыл-ойының жемісі. Ұлттық элитаның — аса көрнекті зиялы қауымның табан акы, мандай терінің жемісі. Сол туристердің әрқайсысы орташа есеппен 100 доллардан тастайды делік. Сонда бүкіл Италияны көктеттіп отырған оның өнері, талантты тұлғалары болды. Демек, бір мемлекетті экономикасы, электр энергиясы емес мұражайлары, ғажайып ғимараттар мен өнер туындылары асырап отыр. Ал Казакстан өнерінің мұндаі қаукары жок па? Казактың көркем дүниесі таланттарсыз деп айта аламыз ба? Жок. Ендеше қазак өнері халкына неге осылай қызмет етпейді? «Дала француздары» атанған казактардың өнері шет жүртта мадакталады, ал өз жерінде неге егер? Неге? Кесел кайдан, дерт кайдан?.. Себебін кімнен сұраймыз? Соңғы жылдары басынан бак ұшып, басшы қутаймаған, ойшылдықтың орнын тойшылдықпен ауыстырып алған тиісті орындардан сұраймыз ба? Кімнен?.. Той да керек, әрине, бірак ой тоқыраған жерде тойдың қандай тартымы, тағылымы болады. Осылайда өмірі ой кешүмен өтіп, мерейтойын білжең кеткен біртуарларды еске алсан қекірегің карс айрылады.

\* \* \*

Откенге толырақ шашқалы отырған жокпзы. Бірақ бүтінгі ой кешегіден де кемелдене тусуі, жаңаша болуы кажет. Жаңаша ойлайтын адамдарға жол ашылатын заман туды. Бұлай етпесек, өзгөнің тасасында жалу түк те емес екен. Ал шын мәніндегі та-

лант қашанда жаңаша ойлайды. Откенінен өнеге алғып, тағылым түймеген елдің ертені бұлдыр. Өнер қонған бір ел болса, ол қазак. Ал оның ғажайып рухани дүниесінің казіргідей өз колы өз аузына жеткен тұста өгейситіндей не жазығы бар? Әр саланың басында, билік тұткасында талантты адамдар отырмаса категесу, сүріну сол жерден басталады. Бұл ең алдымен оның халқы үшін, қоғам үшін қауіпті. Откен жылы үкімет түгел құрамымен орнынан тұсті. Енді соның орнына жана адамдар келді. Солардың қайсысының қаншалықты қабілетті екенін кім болжапты. Әдетте, тағы да кайталап айтамыз, талантты адам мен қабілетті, іскер адамның арасын айыра білген абзal. Қабілет таланттың бір атрибуты ғана. Демек, талантты кім, талантсыз кім? Оны анықтайтын кімдер? Бұл пікірге көз жеткізу үшін үкіметтің жаңа құрамы тағы да орнынан тұсуін күтуіміз керек пе? Социологиялық орталықтар неге жұмыс істемейді? Қазақ басылымдарында сол үкіметтің әр мүшесі жөнінде егжей-тегжейлі «саяси портреттер» неге жазылмайды? Демек, біз өзімізді өлі күнге кім баскарып отырғанын білмейміз деген сөз ғой. Газет беттерінде үкімет мүшелерін қыскаша ресми түрде, суретімен өмірбаяндық таныстыру ғана болады. Бұл білдім деуге жатпайды. Жарайды, ол адамды зиялды қауым там-тұмдал біледі делік. Оны алдымен халық білуі керек емес пе?

Үкімет адамы туралы айтылғанда, мынадай бір мысал еске түседі. Эйгілі бір қайраткер газет бетінде өзі туралы сын мақала, сایкымазак шықпай қалса, «мені халқым ұмыта бастады» деп реніш білдіреді екен. Бізде осындай пікірмен өлі күнге жылап көрісесіз ғой. Қай басшының аузынан осындай сөз шықты. Бірде Олжас Сүлейменовке Евтушенко: «Мен туралы сын жазшы. Эйтпесе ешкім оқитын түрі жок. Мактаудан жалықтым» депті. Осындай пікірді біздің қоғам өлі қабылдамай отыр. Керінше мактау бел алғып барады. Жаксы мен жаманды айыра алмаймыз. Тұлпары қайсы, мәстегі қайсы?..

Осындайда токырау жылдарының әнгімесі еске түседі. Мәскеуде откен көрмеге шетел делегациясы келеді. Солардың ішіндегі бір өкіл таң қалғаның жасыра алмай: «Ойпымай, ә; осынша енбекті бір адам жасаған ба?» дейді. Әлгінің жасындағы біздін елдін бір басшысы «әрине, әрине» деп мәз болыпты. Шетелдіктің сол сөзімен өлтіріп тұрғанында оның шаруасы жок, әрине. Тамсанып тұр, мактап тұр деп ойлайды. Әлкисса, көрмеге

катьысқан отыз суретшінің туындысы бірінен-бірі айнымай қалған ғой. Содан соң да бір адам салғандай бол көрінген. Суреткерді ойлау еркінен айыру деген осы. Бұл рухани деградацияның кеңес үкіметінде шыркау шынына шықкан кезі еді. Ал әлгі біздің еліміздің идеология саласы басшылығындағы бір мықтысының түсінігі анау — мектеп қабырғасындағы түсініктен әрі аспай тұр. Идеологияның басында осындай делқұлылар отырғанда талант опа таба ма?

Сол секілді қазіргі үкімет құрамындағы, шығармашылық одактардағы адамдардың бірлі-жарымы болмаса, деніне жуығының ойы бір адамның ойымен өлшенбейтініне кім кепілдік береді? Ойы да, сөзі де егіз козыдай үксас бірқалыптан шықкан адамдар аз ба? Сол баяғы «ләппай, таксыр» ғой. Адамды орта тәрбиелейді. Ондай ортадағы талантты адам өзінен-өзі бордай тозып, тоқырап бітпей ме? Халтураға колы бармай кеткен Тахауи, Тәкен, Шәмші, Мұқағали, Төлеген, Жұмекен, Асқарлар тағдырынан тағылым түйетін уақыт келген жок па? Ендігі ұрпак неге солардың жолын құшы керек? Талантты түсіну үшін талант керек демесек те, басшының онымен тең дәрежеде сөйлесе алғаны, көнілдің, ниет-пиғылдың түзулігі, көкіректің ояу болғаны кажет-ак. Асылы, шенеуніктердің талантқа деген көзқарасы өзгермейінше коғам ілгерілемейді. Талантты тезге алмаса өзі соның көленкесінде қалып қоятынын, өлексеге айналатынын шенеуніктің зымиян көнілі алдын-ала сезеді. Олар талантты танумен емес, табалаумен табанды түрде айналысады. Талантты құлату үшін түрлі әрекеттерге барады. Бұл тұста олар адамның осал тұстарын іздейді... Талантты адам бала секілді, алдануы да тез. Бұл ретте Ф. Энгельстің Гете туралы айтқан «Колоссально велик, в жизни так мелок» деген сөзін еске алсақ жарап жатыр.

Талант — көленкеде өскен гүл секілді. Оған бірде күн түседі, бірде түспейді. Гүлге бап керек. Ал, отаршылдық жүйенің жуантаяқтары, шолак белсенділері мәселенің бұл жағына бас катырмайды, олар — орындаушылар. Сөйтіп, жиырма жылда бір гүл салатын кактус секілді таланттың ғұмыры өзінен-өзі қыскара береді де, бір күні акиретке аттанады. Содан соң келіп өтірік көздің жасын бұлаймыз.

Кешегі дүниеден өтіп кеткен М. Құланбаев, Т. Жайлышбеков, М. Мұраталиев, Р. Әуезбаева, Р. Телеубаев, С. Айтбаев, Ж. Қыдыров, Т. Бердияров, Ә. Есбаевтар жүрген бүгінгі ортамызда үзак

жылдан соң, пайғамбар жасында театрға қайта оралған, ғажайып өнерпаз К. Жәкібаевтар әлі күнгө бағасын алған болған жок.

Талант және шенеунік... Осы төніректе тағы бір өнгіме еске түсіп отыр. Бірде атакты әнші Аманкелді Сембин ірі лауазымды қызметтегі басшының үйінде қонақта болады. (Бұл әншінің абыройы асып, мерейі үстем болып жүрген шағы). Сәлден соң жүрт желпінеді, қызады. Бір мезетте барып үйдің иесі «мына Аманкелдіні ән салу үшін шакырып едім» дейді ғой. Міне, осы сөздің өзі-ак әлгі көзі ашық, көкірегі ояу деп жүрген адамның-шенеуніктің талантқа деген көзқарасын білдірмей ме?!

Мұндай басшылар біздің қоғамға қай кезде де керек болды. Ондайлардан бүгінде арылып біттік дей алмаймыз. Олар ұлттық өнер мен мәдениетті басқарып, өтірік өсиет, жалған ақыл айтуын әлі де қоятын емес. Стекенің заманында туған «Бәрін де кадр шешеді» деген сөз бар еді. Қазір сол кадрдың қадірін білетін-ак кез туған жок па? Дұрысы — талантқа басшы қызмет етіп, бас июі керек қой, біздегі ең үлкен әбестік — басшылар талантты өзіне қызмет етуге пайдаланады. Токырау жылдарында Тоқтар Бейсембиров деген суретші Кененбай Қожабековке барады. Автопортретінізді жазсам деп өтініш жасайды. Актер тұрасына көшіп дәлдүріштіктен (халтура) әбден шаршағанын, егіз қозыдай ұксас суреттерден әбден жеріп біткенін айтады. Аса талғампаз таланттың көнілін қайтіп табарын білмеген Тоқтар ақыры ол кісінің портретін жазуға кіріседі. Үндемей енбек ете береді. Күндердің бір күнінде сюжетті автопортретті жазып бітіреді.

Кененбай аға арбада отыр. Мұқағали арбаны итеріп келеді. Бұл туынды4да сол кезеңге, әділетсіздікке қарсылық бар еді. «Көрегендер» соны көріп қалған. Сұрак біреу: олар неге құліп тұрмайды, неге қамқоніл? Бізде ондай адамдар болмауы тиіс. Осы секілді сауалдардан суретші бас көтере алмай қалған. Суретті көргенде Кенекенің көнілі босап, көзіне жас келген, рахат күй кешкен.

Осы өнгімен кейін ойын әріге кетеді. Сол баяғы өркениетті елдердің мысалына жүгінеміз. Кешегі күні сол мемлекеттердің шенеуніктері де Паганинидің әуенінен, Неруданың жырларынан, Ван-Гогтың, Пикассоның суреттерінен секем алған. Оларды наукас, есінен алжасқан деп санаған. Бірақ халықты шенеуніктер емес, солар тәрбиеледі. Олардың жоктаушылары, жебеушілері (меценат) болды, солар жеңіп шықты. Үкімет басындағылардың

оларға түсіністікпен қарамауға амалы жоқ еді. Солардың арқасында елдің ой-өрісі өсті, таным көкжиегі кеңіді.

Бұгінде Ван-Гогтың, Пикассоның кішкентай ғана суреті неге 57 миллион доллар тұрады? Сталин соғыс кезінде неге әр суретке төрт танкіден айырбастады? Бізде осы мәселенің паркына жетіп жатқан басшы бар ма?..

Әлгінде меценаттар туралы айттық. Бұл үрдіс қазақ ғопырағына жат па еді? Шоканның әкесі Шыңғыстың «Бақ менікі, өнер Қанғожанікі» деген сөзі бар. Қазіргі тілмен айтсақ, Шыңғыс «қазақ меценаттарының» бірі болды. Талай бұлактың көзін ашкан, халқының рухани өрісін кеңейтіп, демеп отыруды да ойлаған. Сол заманның өзінде-ак сал-серілерін төбесіне көтерген ел бүгін солай істеуге қабілетсіз бе, қауқарсыз ба? Жоқ. Заманға сай ауқатты, іскер адамдар шығып жатыр.

\* \* \*

Суретші Ерболат Төлепбаевтың мына бір пікіріне деңқояйықшы.

— Мен басшыларды кінәламаймын. Біреу шахтада істеп, енді біреу экономист, бухгалтер болған шығар. Бірак қалай деуші еді, патшаның акылды уәзірлері, көмекшілері болмай ма? Ақылды деген ұғымға мәдениет, интеллектуал бәрі де кіреді ғой. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттің де, тіпті Елбасының да (ол кісінің бәрін біліп отыруы мүмкін емес) халқымыздың рухани дүниесіне деген көзқарасын қалыптастыруды, өзгертуде биік мәдениет пен ақыл-ой иелерінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан да Елбасының қасында не әрі, не бері тартпайтын, талантты тап басып танитын ұлттық элитаның тандаулы өкілдерінен, ары таза жігіттерінен құрылған кемел комиссия отыруы керек. Мемлекеттің дербес ұлттық мәдени саясатының тұжырымдамасы қажет. Өнер адамы болғаннан кейін, тек өз саланды ойлап қана қоймайсын. Ондай суреткерден халықка келер пайда жоқ — эгоиссің. Көркемөнердің бар бұтағы қанатын кенге жайып, даңғыл жолға тұспейінше ұлттық сана өспейді. Әнгіме — ұлттық сана, халқымыздың рухани тазаруы, жанғыруы тұрасында болып отыр:

Менің түсінігімде, бізде большевиктік идея әлі жалғасып келеді. Кім мықты — өкім мықты, кім акылды — өкім акылды, қалғандары кім сонда? Бұл әрине, уақытша жағдай, бәрі де өзгеретініне сенемің. Таланттардың заманы туатынына сенемін. Бізде



## Е. Төлебай. «Көкпар»

акын-жазуши, суретші, көніліңізге келмесін журналистер де көп. Ал енді солардың бәрі де шетінен алтын мен күміс пе? Соның бәріне де мемлекет жағдай жасауға міндетті ме? Меніңше, өмірде әркімнің өз орны бар. Алуан-алуан жүйрік бар әліне қарай шабатын. Кіл мәстек ішінен тұлпарларды ажырата білу керек. Айлық алдамшы нәрсе. Баланы ойыншықпен алдарқатқандай. Менің тұсінігімде, ағаларымыз кешегі үрдіспен өлі де ала берсем дейді. Аға буынның енбегін бағалаған орынды, бірақ елдің ертені, өнердің жас күштері тағы да шырылданап қалады ғой.

Қазір Суретшілер одағының 600 мүшесі бар. Елбасы бір сөзінде бәлкім 60 суретші керек шығар деді. Мен ол кісіні қолдаймын. Бірақ әркімнің қабілетін білу, талантын тану үшін әртүрлі деңгейде көрме өткізілуіне мүмкіндік жасау керек. Шет жұртта сен халық суретшісін бе, Суретшілер одағының мүшесін бе, оған қарамайды. Салған дүниене қарап бағалайды. Талант осылай іріктеледі. Мысалы, мемлекеттің әл-ауқаты көтерілгенше 4-5 жылға жүз суретші, жүз жазуши, жүз журналисті үкімет қамкорлығында ұстауға, бір-бір костюм әперуге болады ғой. Мемлекеттің он мың солдатты ұстауға күші бар да, халықтың болашағы мың өнер адамын қамтамасыз етуге құдіреті жетпейтіні қалай? Мемлекет тек атағы бар адамдарға

ғана емес, шын мәніндегі талантты адамдарға қол үшін беруі керек. Талант жас-көрі талғамайды. Мәселенің бәрін атакпен шектеу — көрі кетудің жолы. Атак — бактың ісі. «Арсыз болмай атак жок» дегенді Абай неге айтқан?...

\* \* \*

Әрине, Ерболаттың пікірімен біреу келісер, біреу келіспес. Дей тұрғанмен де, ой салар тұстары көп. Ел мен жерді танытар таланттарға мемлекет қамкорлық жасағанда ғана ісіміз ілгері басады. Ал колдан жасалған қайраткерлерден арылмайынша өділетсіздіктен көз ашпайтынымыз ақиқат.

АҚШ-та талантқа қысым жасаған мемлекеттік шенеуніктерді уысында ұстайтын мемлекеттік этика жәніндегі бас басқарма бар екен. Бізде де талантты адамдарды қорғайтын, ірікеп отыратын мемлекеттік қамкорлықтағы бір ізгілік институты, басқармасы керек-ак. Бұл жазбада біз өткенге топырак шашқанымыз жок, елі мен жері, мәдениеті мен өнері, ғылымы үшін аттан түспей енбек еткен, талай жасты колтығынан демеп үшірған білікті басшылар туралы да айтқанымыз жок, тек кезеңнің кеселін, дертін, көленкелі тұстарын ғана сарап сөз еттік. Жаксымызды ешкім тартып алмайды, ал жамандығымызды айту, батпандап кірген кеселден мыскалдап арылу — парыз, міндет.

Талант. Ол қашанда елдің ықыласынан, ниетінен туады, бауыр етінен жарадады. Талант тағдыры — ел тағдыры дейтініміз де содан. Ел тағдырын шешетін де, оның басына киын іс түскенде жол табатын да талант.

Казіргі кезеңді қазақ үшін қайта өрлеу дәуірі десек, таланттарды да терен танитын кезең туды деп түсінген абзal. Олардың тағдырына немкұрайты қарау — елдің ертеңін ойламау деген сөз. Бұдан артық қылмыс болмайды. Талант — тұлпар секілді талғам-паз, тәқаппар, кірпияз, асау. Сол мінезді тану, нәзік жаратылыс иелерін өтпелі кезеңнің өліара шағынан аман алып өту — сіз бен бізге сын. Ұлттық идеологияның басында отырғандарға сын.

Казір қоғамда алтын құрек есіп тұр, әділетсіздікке қарсы бұрын-соңды болмаған құрес басталғалы едөуір уакыт өтті. Бірақ бұл құрес әлі сәби, балғын. Сол ұлы жолдың үстінде табиғаты құрестен жаратылған талантты мертіктіріп алмау, өзегін өртке шалдырмау — міндет.

Казіргі кезең бұрын-соңды болмаған ұлы мүмкіндіктер туғызып отыр. Енді қайтіп XX ғасырдың рухани ой-санаға, ұлттың дүниетанымына салған қасіреті қайталанбасын. XXI ғасыр таланттар ғасыры болсын десек, тарихтың осынау ұлы мүмкіндігін бірегей ұлт болып пайдаланайық.

Казір тіліне уақып бол дейтін заман емес. Осылай бір ой толғадық, кең көсілдік. Бәрін айтып таstadtым деу — күпірлік. «Ақиқаттың көзі алтын» дейді халық даналығы. Біз осы уәжге жығылдық.

## ӘКЕЛЕРІМІЗДЕН ӘУЛИЕМІЗ БЕ?

Бүгінгі күн қажетінді өтемесе, өткенді амалсыз сағынасың. Осы тұрғыдан келіп карасаңыз, ұлттық басылымдарға ана бір жылдары аса киын болды. Себебі, «біртұтас мызғымас» кенестік жүйе бұзылды. Бұрын газеттің таралымына басылым басшылары аса бас ауырта қоймайтын. Бәрін партия жарықтықтың өзі қамшы салдырмай атқара беретін. Ал қазір болса итжанды империялық пиғылдың «казак газеттері енді кімге керек?» деген «мұзды мұхит ойының» үні одан сайын өктөм естіле бастаған еді.

Шерхан Мұртаза рухындағы жігіттер осы «мұзды мұхит ойының» быт-шытын шығарды. Бұл ретте ең алғаш «Мұзжарғыш» рөлін аткарған да «Жас Алаш» еді.

Содан бері журналистер, газет басшылары жылда «бір өліп, бір тіріледі». Енді, міне сол күндер де артта қалып, жаңа жылдың табалдырығында жүзіміз жарқын тұрмыз. «Жас Алаштың» оқырмандары жылдағыдан қара көбейтіп, тағы бір биікке шықтық. Мұндайда неге куанбаска? Жылына бір рет есің шығып куануға болады ғой. Сұрап алған мындаған емес, өзімен-өзі келген мындаған данаға куанбайтын жынымыз бар ма? Бұл куанышқа дені сау, ұлтқа кастығы жок адам куануға керек. Сонша оқырман — сонша күш, сонша куаныш — сонша қазак, сонша рух деген сөз, Кейбір елдердің әскерінің саңы сан мындаған адамға жетпейтінің еске алсак, «Жас Алаштың» еш жарнамасыз осыншама жер қайысатын кол жиғанына, әрине, дені сау адам куануға тиісті. Қазақ енді бұдан былай тек куануға тиісті.